


Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

[illegible]

	• Отбасы үлкен де, шағын да болуы мүмкін. Ең бастысы – отбасында әрқашан тыныштық, достық, сыйластық, бір-біріне деген сүйіспеншілік болуы қажет.	Әліппе-дәптер.
	(Ү, Ө) Үнсіздік ойыны. Балалар жайланып отырып, көздерін жұмып, өздерінің отбасы мүшелерін, үйлерін көз алдарына елестетеді. (Ө) Дәптердегі 2-тапсырма бойынша отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасау. Жеті ата туралы түсінік беріледі: Жеті ата – қазақ халқының адамның ата жағынан тегінің таратылуы. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т.б., яғни жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. 1 – бала, 2 – әке, 3 – ата, 4 – арғы ата, 5 – баба, 6 – түпкі ата, 7 – тек ата. Жеті атаның ішінде сендер кімсіңдер? (Бала). Үйге тапсырма: ересектердің көмегімен жеті аталарыңның нақты есімдерін біліп келу. (Ү) Қол сергіту сәті: «Кел, санайық» Үйде нешеу екенбіз? Кел санайық екеуміз: Бас бармағым – папам, Балаң үйрек – апам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. (Ү) Тапқырлыққа арналған ойын ұсыныңыз. «Жылы лебіз» дидактикалық ойыны Ойын шарты: ойынға барлық балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортаға бір бала шығады, оның қолына доп ұсынылады. Бала допты кез келген бір балаға лақтырады, допты қағып алған бала отбасы мүшелеріне арналған тілекті айтып, допты кері лақтырады. Дәптердегі 3-тапсырма бойынша отбасы мүшелерінің суреттерін ретімен орналастырады. Орналастыру себебін айтады. Ағаштың тамырынан бастап, отбасы мүшелерінің суреттерін жапсыру. (Ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, мен, іні, қарындас). Д/о: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: ойынға қатысушы барлық балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортаға жүргізуші шығады. Оның қолына доп ұсынылады. Жүргізуші допты кез келген бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы мүшесін білдіретін бір сөзді айтып, қайтадан жүргізушіге лақтырады. Мысалы: әже, ата, әке, ана, сіңлі, қарындас, аға. 4-тапсырма. Мақалдың мағынасы түсіндіріледі. Мақалдағы «ата» сөзі отбасындағы әке және атанды білдіреді. Олар – отбасындағы қадірлі адамдар. Ата мен әкені биік тауға теңеп тұр. Ана мен әже – олар аналар. Оларды суға теңеп тұр. Су өмірде қандай қажет болса, ана да сондай қажет. Баланы желкілдеп өсіп келе жатқан құраққа теңеп отыр. Өйткені ол шөп сияқты желкілдеп өседі.	Әуен ырғағымен. Интерактивтік тақта. Отбасы бейнеленген үлгі суреттер. https://www.google.kz/search?q=7+ата&biw Әліппе-дәптер. Доп. Әліппе-дәптер. Дидактикалық ойындар жинағы. Тау, ағып жатқан су және құрақтың суреті; ата, әке, ана және баланың суреті.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексиялық түзету. 28–30 мин	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан ағаштың жапырағын кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
 Білім беру саласы: «Әлеумет»
 Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу


Тақырыбы: Отбасымның міндеттері мен қызметтері	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 15.09.2021	Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
СЫНЫП-ТОП: : 0 «А»	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.1.2. Отбасы мүшелерін атап, міндеті мен өзіне тағылған жауапкершілікті білу. 0.1.1.3. Түрлі іс-әрекет түрлеріндегі өз жетістіктеріне тең баға беру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық балалар: Өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелей біледі. Ата-аналарының айтқандарын тыңдап, қамқорлық жасап, көмек көрсету өзінің парызы екенін біледі. Өзінің отбасы мүшелерін атайды.	
	Көпшілік балалар: Отбасы мүшелерінің міндеттерін біледі.	
	Кейбір балалар: Өз әрекеттеріне және қылықтарына өз бетінше баға бере алады.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: - отбасы, туыстық, қарым-қатынас, отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсінік береді; - отбасы туралы айтып береді. <i>Көптілділік:</i> Әңгімелесу – беседовать – talk Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Бауыр, туыс, шаңырақ. <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Саған берілген міндеті қандай? Отбасында өзіңе тағылған жауапкершілік қандай? Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін сен не істеуің керек?	
Өткен ҰОҚ-дан алған білім	Өзінің отбасы, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы айту.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 мин.	Шаттық шеңбері Е. Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін оқу. Атамнан басталар, Әжеммен Қосталар, Отбасым Мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін.	Музыкалық сүйемелдеу.
II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин.	(Бүгін біз сендермен отбасы туралы әңгімелесеміз. Әр бала өзіне тағылған жауапкершілік міндетін білуі керек. Міндет, жауапкершілік дегеніміз не? Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке – отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі; ана – отбасының ұйытқысы, жылуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, отбасын бақытқа бөлейді. (Ұ) Сөздік жұмысын жүргізу. <i>Көптілділік:</i> Әңгімелесу – беседовать – talk Тыңдайды, бірнеше рет қайталайды. (Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс.	Отбасы мүшелерінің суреті. Әліппе-дәптер. Отбасы туралы слайд http://ikaz.kz/otbasyturaly-sljajd/
III. ҰОҚ-ның ортасы тақырып бойынша жұмыс 6 – 28 мин		Аудиотаспа. Әліппе-дәптер.

IV. ҰОҚның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.	1-тапсырма Отбасы мүшелерінің туыстық қарым-қатынас міндеттері туралы әңгімелеп беру. Атам теледидар көріп отыр. Әжем тоқыма тоқып отыр. Әкем журнал оқып отыр. Анам тамақ жасап жатыр. Бала ҰОҚ оқып отыр. Қарындасым/інім ойнап отыр. Қызы дастарқан жасап анасына көмектесіп жатыр. (Ө) 2-тапсырма: – Отбасыңда сенің міндетің не? – Өзіңнің отбасыңдағы адамдардың міндеттері туралы айт. – Әркім өз міндетін қалай орындайды?Әр отбасы мүшелері өз міндеттері мен жауапкершілікті білуі тиіс. Ата-ана отбасында баланың өсуіне жауапты, денсаулығына қамқорлық жасайды, еңбексүйгіштікке баулиды, өзінеөзі қызмет ете білуге үйретеді, білімді, өнерлі, мәдениетті болуға тәрбиелейді. Әрбір отбасы мүшелері бір-бірімен тіл табысып, дұрыс қарымқатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетулері тиіс. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін, балаға дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім-тәрбие беріледі. «Баланы жастан», М. Әуезовтің «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген даналық сөздерінің мағынасы өте терең. – Сендер ата-аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер? – Отбасыңда қандай жетістіктер бар? • Отбасы үлкен де, шағын да болуы мүмкін. • Ең бастысы, отбасыңда әрқашан тыныштық, достық, сыйластық, бір-біріне деген сүйіспеншілік болуы қажет. • Сендер өз отбасыларыңа қандай тілек тілер едіңдер? Мен отбасыма барлық жақсылықты тілеймін. (Ұ, т, Ө) ойын: балаларға өз отбасына сүйіспеншіліктерін білдіріп айтқызу мақсатында «Менің отбасым» ойынын жүргізеді. шарты: Балалар шеңберге тұрып, кезекпен өзінің отбасы туралы жағымды сөздер айтады. Менің отбасым көңілді, өйткені..... Менің отбасым мейірімді, өйткені..... Менің отбасым бақытты, өйткені..... Менің отбасым тату, өйткені.....(Ұ) сергіту сәті: Музыка ойнап тұрады. Мынау – менің отбасым. Танысыңдар, достарым. Мынау – әкем, бұл – шешем, Інім, әпкем және мен. Менің халім тамаша, Сіздікі де тамаша! Сенің халің жақсы ма? Оның халі жақсы ма? Барлығы да тамаша! Менің отбасым тату. Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан жүректі кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Интерактивтік тақта. Отбасы бейнеленген үлгі суреттер Әліппе-дәптер. Отбасы мүшелері бейнеленген сурет.Түрлі түсті қарындаштар
---	--	--

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу


[illegible]

	1-тапсырма бойынша сұрақтарға жауап береді. – Мектеп ауласында не бар? – Мектеп ауласында гүлдер және ағаштар өседі. Спорт алаңы бар. Мектеп ауласы қоршалған. Мектеп ауласында үзіліс кезінде демаламыз. - Өз мектебіңнің ауласы туралы айт. - Мектеп ауласында не істейсіңдер? - Мектепте қоңырау не үшін соғылады? 2-тапсырма: сурет бойынша жұмыс. Тірек сұрақтар: Мектепте тағы кімдер қызмет етеді? Педагогтер қандай міндет атқарады?	Әліппе-дәптер.
	(Ұ) 4-тапсырма: Сурет бойынша Қуаныш пен Айсұлуға сынып кабинеті қандай болатынын әңгімеле. – Сынып бөлмелерінде балалар не істейді? – Сынып тақталары не үшін керек? – Сынып бөлмелері неге кең және жарық? – Сынып бөлмелерінде парталар неге көп? Педагог үстелі неліктен парталарға қарама-қарсы қойылған? (Ұ) Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық 5-тапсырма: Айсұлуға мектепке қажетті құралдарды жинауға көмектес. Ал, балалар, біз Айсұлуға мектепке қажетті құралдарды портфельге жинауға көмектесейік. Портфельге не саламыз? (Кітап, дәптер, қалам, қарындаш, күнделік). (Ұ) Педагог тәрбиеленушілерден сұрақ-жауап әдісі арқылы жұмыс жүргізеді. – Мектепте сынып бөлмелері неге көп? • Өйткені оқушылар көп. Оларды сыныптарға бөледі. Мысалы, төрт 1-сынып болса, оларға 4 сынып бөлмесі керек. • Сынып бөлмесіндегі тақта және бор не үшін қажет? • Тақтаға жазу жазады, есеп шығарады, суреттер іледі. Тақтаға жазуды бормен жазады. • Мектепте, сынып бөлмелерінде оқушы өзін қалай ұстауы керек? • Сынып бөлмесінде, дәлізде қатты айғайлап жүгіруге; шулауға, әртүрлі заттарды лақтыруға болмайды. • Ұялы телефонды ҰОҚ барысында пайдалануға болмайды. Педагог тәрбиеленушілердің жауаптарын тыңдайды және қорытынды жасайды: • Бұлардың бәрі – мектеп ережесі. Ережеде оқушы өзін қалай ұстау керектігі айтылады. Оны этика деп те айтуға болады. Этика дегеніміз – отбасында, қоғамдық жерлерде (мектеп, дүкен, балабақша, көше, көлік ішінде) адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау.	Әуен ырғағымен. Интерактивтік тақта. Отбасы бейнеленген үлгі суреттер. https://www.google.kz/search?q=7+ата&biw Әліппе-дәптер. Доп. Әліппе-дәптер. Дидактикалық ойындар жинағы. Тау, ағып жатқан су және құрақтың суреті; ата, әке, ана және баланың суреті.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексиялық түзету. 28–30 мин	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан тақтаны кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
 Білім беру саласы: «Әлеумет»
 Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу


№4 Тақырыбы: Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 06.10.2021	Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
СЫНЫП-ТОП: : 0 « А »	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.2.1. Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді білу және оларды сақтау.	
	Барлық тәрбиеленушілер: Мектеп білім беретін мекеме екенін түсінеді Көпшілік тәрбиеленушілер: Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді біледі. Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді біледі және оларды орындайды. Кейбір тәрбиеленушілер: Мектепте сыныптағы негізгі ережелерді біледі. Мектепте сыныптағы негізгі ережелерді біледі және орындайды. Тәрбиеленушілер: сұрақтарға жауап береді, мектеп туралы білімдерін тиянақтайды, сөздік қорын дұрыс қолдана біледі. <i>Көптілділік:</i> Ережелер – правила – rules Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Мектеп, сынып, директор, оқушы <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Өткен ҰОҚ-да біз мектеппен таныстық. Мектеп сендерге ұнады ма? Танысқан мектеп неліктен ұнады? Мектепте сендер кімдермен таныстыңдар?	
Күтілетін нәтиже		
Тілдік мақсат		
Өткен ҰОҚ-дан алған білім	Жалпы мектеп туралы білімі болады.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин. II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	Шаттық шеңбері Мектепке енді барамыз, Біз оқушы боламыз. Жақсы оқып ҰОҚ-ны, Кілең бестік аламыз. (Ұ) Педагог төмендегі жағдаятты әрбиеленушілерге айтады: – Қуаныш мектепке барды. Мектептің дәлізі кең екен. Қуаныш дәлізде қатты жүгіріп ойнай бастады. Қуанышқа тағы бір бала қосылды. Екеуі айғайлап сөйлеп, алысып ойнай бастады. Бір кезде аяғына шалынып, баспалдақтан құлап қалды. – Балалар, Қуаныштың әрекеті дұрыс болды ма? Ол нені сақтамады?	Музыкалық сүйемелдеу.
ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин	(ПТ) Педагогтің әңгімесі: – «Мектеп» деген сөзде үлкен мән-мағына жатыр. Мектепте оқушылар тәлім-тәрбие алады, білім алады. Баланың достары көбейеді. Мектепте тек білім ғана алмайды, сонымен қатар үлкенмен де, кішімен де қарым-қатынас жасауды үйренеді. Бала білімді, өнерлі, тәрбиелі болып шығады. Оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп-тұруына қауіпсіздік жасау қажет. Сондықтан мектепте арнайы қауіпсіздік ережесі болады. Оны мектепте жұмыс жасайтын адамдар да, оқушылар да сақтаулары тиіс. Мысалы: өрт қауіпсіздігі, жол ережелері сияқты. Оқушыларға: ҰОҚ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайды; оқушылардың өміріне және денсаулығына қауіпті болғандықтан, терезенің алдына мінуге, шкафтардың үстіне шығуға, баспалдақтың таянышымен сырғанақ тебуге, басқа оқушыларды итеруге; мектептегі шаруашылық бөлмелерінің есігін ашып-кіруге; электрлік шкафтарды ашуға ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. (ПТ) Сөздік жұмысын жүргізу <i>Көптілділік:</i> Ережелер – правила – rules	Мектептегі қауіпсіздік ережелері. http://goo.kz/content/view/35/2945

	Тыңдайды, бірнеше рет қайталайды. (Ө, Т) Әліппе-дәптермен жұмыс. . Сергіту сәті Күз келіпті тамаша, Айдын далаға қараса. Сарғайған көп жапырақ, Сан жетпейді санаса. Сарғаяды даламыз, Жеміс жинап аламыз. Күз мезгілі келгенде, Біз мектепке барамыз. (ПТ) Жалпы тәртіп ережелерімен таныстыру. Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде ҰОҚ басталар-алдында 10-минут қалғанда кешікпей келулері керек. Мектепке кіргеннен кейін оқушылар киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп, оқу құралдарын дайындап, мұғалімді күтіп отырады. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелерін оқып, біліп және сол ережелерді сақтауға міндетті. Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс. Оқушылар үлкен адамдарды сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, оларға керек болғанда көмектесуге; мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, ұқыптылықпен қарауға: мұғалімдердің және мектептегі басқа жұмыскерлердің талаптарын орындауға міндетті. Оқушылар бір-бірін атымен атап, үлкен адамдардың тегін атап «сіз» деп және бөтен адамдарға да «сіз» деп сөйлеседі. Оқушылар үлкен адамдарға жол беріп, кішкентай оқушыларды алдымен жіберулері және де ұлдар қыздарға жол берулері керек. Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек. Күш қолдану адамның ар-намысын қорлайды, сондықтан мектепте төбелесуге қатаң түрде тыйым салынады. 2-тапсырма: Мектепте өзін дұрыс ұстайтын баланың әрекетін көк түспен белгіле. Қылығы ерсі баланың суретін қызыл түспен белгіле. 3-тапсырма: Топпен сыныпта тәртіп ережесін құрастырыңдар Үлгі жауаптар: Мектепке кірерде баскімді шешіп кіруміз керек. Дәлізде, сыныпта жүгіруге болмайды Мұғалімнің айтқанын тыңдап, ол кісіні сыйлау керек. Партаға дұрыс отыру керек. Оқу құралдарын күтіп ұстау керек. Оқушылар бір-бірімен дос болу керек. Қажет кезде бір-біріне көмек береді.	<i>Мектептегі қауіпсіз ережелер</i> <i>Әліппе дәптері</i> <i>суреттер</i>
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан қоңырауды кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
Білім беру саласы: «Әлеумет»
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Мамандықтар әлемі	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 20.10.2021	Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
Сынып/топ: 0 « А »	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаты	0.1.3.1. Еңбектің маңызын және адам өміріндегі барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Мамандық иелерінің еңбегі мен қызметтері туралы түсінеді.	
Тілдік мақсат	Көпшілік тәрбиеленушілер: Мамандықтардың адам өміріндегі қажеттігін түсінеді. Кейбір тәрбиеленушілер: <i>Мамандықтардың қажеттігін, қарым- қатынасын бағалау, құрметпен қарауды түсінеді..</i> Тәрбиеленушілер: Адам өміріндегі барлық мамандықтардың түрлерін талқылап және дәлелдейді. «Кім болам?» деген сұраққа жауап береді. Көптілділік: Дәрігер – врач – doctor; аспаз – повар – cook, сатушы – продавец – seller Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Аспаз, дәрігер, сатушы. Пікір алмасу сұрақтары. Мамандықтардың айырмашылығы мен ұқсастықтары неде? «Мамандық» сөзі нені білдіреді? Басқа қандай сөзге ауыстыруға болады? Неге адамдар жұмыс істейді? Ең маңыздысы қандай мамандық? Сенің ата-анаң қайда жұмыс істейді?	
Өткен ҰОҚ-дан алғант білімі	Барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы күн! Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін.	Музыкалық сүйемелдеу.
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(Ұ) Сұрақ-жауап әдісі арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын анықтау. (Ұ) Сұрақ-жауап әдісі арқылы ҰОҚ-ның тақырыбы анықталады. – Біз бүгін мамандық иелері туралы әңгімелесеміз. Мектепке келгенде сендерді ең бірінші кім қарсы алды? (Мұғалім). Мұғалім туралы айтып беріндерші Кез келген адам мұғалім немесе инженер бола ала ма? – Жоқ. Мұғалім болу үшін мұғалімнің оқуын, инженер болу үшін инженердің, аспаз болу үшін аспаздың оқуын оқу керек. – Мамандық алу үшін еңбектеніп оқу керек. (Ұ) «Сөзді тап!» ойыны: педагог өлең оқиды. Бірақ бір сөзді тастап кетеді. Оны тәрбиеленушілер табады: Гүл өсірсен терлеп Мұның аты – (Балалар хормен «еңбек» деп айтады). Кесте терсең зерлеп Мұның аты – Өзекті сұрақ: – Көз алдыларыңа елестете аласыңдар ма: егер адамдар жұмысқа бармаса, онда не болады? (Аспаз жұмысқа шықпаса, тамақ болмайды. Құрылысшы жұмысқа шықпаса, үй салынбай қалады. Мұғалім мектепке келмесе, ҰОҚ жүрмей қалады).	Ойындар жинағы, карточкалар. Суреттер. Өліппе-дәптер. Өліппе-дәптер, жұмбақтар жинағы.
ҰОҚ-ның ортасы III . Тақырып бойынша жұмыс. 6–28 мин	(ІТ) Педагог тәрбиеленушілерге: Мамандық дегеніміз – адамның еңбек қызметінің түрі. Мамандық таңдау да мектеп қабырғасынан басталады. Сондықтан бүгін өзіміз қалаған мамандық туралы өз ойымызды айтамыз. Дәрігер – емдейді; мұғалім – білім береді, тәрбиелейді; техниканы программалаушы жұмысы компьютермен байланысты; аспаз – ас пісіреді, тәрбиеші – тәрбие береді т.б. (ІТ) Сөздік жұмысын жүргізу Көптілділік: Дәрігер – врач – doctor; аспаз – повар – cook, сатушы – продавец – seller	Интерактивтік тақта, мамандықтар бейнеленген үлгі суреттер. Аудиотаспа. Өліппе-дәптер.

	Таспадан тыңдайды немесе педагог айтады, осыдан кейін балалар бірнеше рет жеке және хормен қайталайды. «Мамандықтар әлемінде» тақырыбындағы балалар күндерінде болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.	
	(Ұ, Т, Ө) «Қай маман иесі екенін тап!» ойыны. Ойын шарты: балалар карточканы алып, онда бейнеленген мамандық иелері туралы әңгімелеп береді. Басқа да сұрақтар қоя отырып, мамандық иелері туралы ақпараттарды толықтыра отырып, кез келген мамандық иесіне құрметпен қарау керектегін түсіндіру. (Ұ) Сергіту сәті: – Саусағым, қайда болдың? Балалармен не істедің? – Бір баламен жүгірдім, Бір баламен биледім, Бір баламен қыдырдым, Бір баламен ойнадым, Бір баламен секірдім, Достарымды жинаймын, Ойынды бастаймын! : «Кім боламын?» ойыны «Кім боламын?» деген сұраққа жауап береді. (Тәрбиеленушілер болашақта кім болғысы келетіндерін айтады). «Дәрігер», «Дүкен» ойындары. Педагог тәрбиеленушілерді сюжетті-рөлге ойындарды өзара рөлдерге бөліп алып ойнатады.	Әуен ырғағымен. Интерактивтік тақта. Доп. Өліппе-дәптер. суреті.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексиялық түзету. 28–30 мин	((Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан допты кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Өліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
 Білім беру саласы: «Әлеумет»
 Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу


Тақырыбы: Барлық мамандықтар қажет	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 17.11.2021	Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
Сынып/топ:: 0 « А »	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаты	0.1.3.1. Еңбектің маңызын және адам өміріндегі барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру..	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Адам өміріне байланысты көлік маңыздылығының кейбір ерекшеліктерін түсіндіру.	
Тілдік мақсат	Көпшілік тәрбиеленушілер: Барлық мамандық туралы қызметтері мен байланыстарын ажырату.. Кейбір тәрбиеленушілер: <i>Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру...</i> Тәрбиеленушілер: Өз ата-анасының мамандығы туралы айтып береді, сұрақтарға жауап береді. Көптілділік: Шаштараз – парикмахер – hairdresser; жүргізуші – водитель – driver Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Мамандықтар: шаштараз, жүргізуші, аспаз, дәрігер, сатушы, құрылысшы. Пікір алмасу сұрақтары.Сенің ата-анаң қайда жұмыс істейді?	
Өткен ҰОҚ-дан алған білімі	Барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы күн! Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін.	Музыкалық сүйемелдеу.
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(Ұ) Сұрақ-жауап әдісі арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын анықтау. ((ПТ) Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Педагог белгілі бір мамандық иесі бейнеленген суретті көрсетеді. Балалар сол мамандық туралы білетіндерін айтады. Мысалы: дәрігердің суреті көрсетіледі. Дәрігер ауырған адамдарды емдейді. – Аспаз дәмді ас пісірумен айналысады. – Құрылысшы зәулім үйлер салады. – Шаштараз – түрлі шаш сәндейтін адам.	Әртүрлі мамандық иелерінің суреттері. Суреттер.
ҰОҚ-ның ортасы III . Тақырып бойынша жұмыс. 6–28 мин	(ПТ) Сөздік жұмысын жүргізу Көптілділік: Шаштараз – парикмахер – hairdresser; жүргізуші –водитель – driver Педагог сөздерді айтады, балалар қайталайды. Қазақстан халқының көбі ауылды жерлерде тұрады. Егін егу, мал бағу, жеміс-жидек өсіру – осының бәрінде де ауыл адамдары істейді. Ауылда мектеп, мәдениет үйі, бала тәрбиесі мекемелері, дәрігерлік мекемелері бар. Мал өсіру саласында еңбек ететіндер: мал дәрігері, қойшы, сауыншы, бақташы, күзетші. Егін егу саласында еңбек ететіндер: тракторшы, шөпші, маяшылар, комбайыншы. Еңбек түрлері бір-бірімен тығыз байланысты. Біреулері еңбекшілердің киім-кешегін тігеді, екіншілері оларға мәдени, медициналық, қызмет көрсетеді. – Егін егуге байланысты қандай еңбек түрлері бар? – Еңбек түрлерінің бір-бірімен байланысы қандай?	Интерактивтік тақта, мамандықтар бейнеленген үлгі суреттер. Аудиотаспа. Өліппе-дәптер.
	Қызығушылықты ояту Сөзжұмбақ шешеміз. Бұл сөзжұмбақта нан біздің дастарқанға жету үшін көп еңбек ететін адамдардың мамандықтары жасырылған. 1. Ол нан жабады? (Наубайшы) 2. Кім жерді жыртады? (Тракторшы) 3. Ол машина жүргізеді? (Жүргізуші) 4. Ол егістіктен астық жинайды. (Комбайыншы) 5. Ол астықтан ұн жасайды. (Диірменші) 6. Біз одан нан сатып аламыз. (Сатушы) 7. Ол егістікті баптаушы. (Диканшы) 8. Ол бидайды сақтайды. (Қоймашы) Ұ, Ө) Жұмбақ шешу. Ауырған адамның қасында	Мамандық иелерінің суреттері суреті

	Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы мен тарағы. (Шаштараз) (Ұ) Сергіту сәті: Таңғажайып сәттер бар, Күн шығады, таң атады. Кіп-кішкентай балалар Алыптарға айналар. Ұ) "Сиқырлы қорапша" Педагог ойын ережесімен таныстырады. Қорапшадан әртүрлі заттарды ала отырып, балалар ол заттар қай мамандыққа қажет екенін, адам өмірінде алатын орны туралы айтады. Болашақта қандай мамандық иесі болатындығыңды және елге қандай пайда келтіретіндігіңді Айсұлу мен Қуанышқа әңгімелеп бер. – Балалар, сендер болашақта қандай мамандық иесі боласыңдар? – Оның елге қандай пайдасы бар? Балалардан сұрақ қоя отырып жауап алады. Нан қалай дастарқанға келеді? Нанның дастарқанға дайын болып келу ретін цифрмен көрсету.	Әліппе-дәптер,.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексиялық түзету. 28–30 мин	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан микрофонды кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
 Білім беру саласы: «Әлеумет»
 Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

№4 Тақырыбы: Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері		Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 06.10.2021		Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
СЫНЫП-ТОП: : 0 « А »		Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары		0.1.2.1. Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді білу және оларды сақтау.	
Күтілетін нәтиже		Барлық тәрбиеленушілер: Мектеп білім беретін мекеме екенін түсінеді Көпшілік тәрбиеленушілер: Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді біледі. Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді біледі және оларды орындайды. Кейбір тәрбиеленушілер: Мектепте сыныптағы негізгі ережелерді біледі. Мектепте сыныптағы негізгі ережелерді біледі және орындайды. Тәрбиеленушілер: сұрақтарға жауап береді, мектеп туралы білімдерін тиянақтайды, сөздік қорын дұрыс қолдана біледі. <i>Көптілділік:</i> Ережелер – правила – rules Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Мектеп, сынып, директор, оқушы <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Өткен ҰОҚ-да біз мектеппен таныстық. Мектеп сендерге ұнады ма? Танысқан мектеп неліктен ұнады? Мектепте сендер кімдермен таныстындар?	
Тілдік мақсат			
Өткен ҰОҚ-дан алған білім		Жалпы мектеп туралы білімі болады.	
Жоспар			
Жоспарланған уақыты		Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин. II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин		Шаттық шеңбері Мектепке енді барамыз, Біз оқушы боламыз. Жақсы оқып ҰОҚ-ны, Кілең бестік аламыз. (Ұ) Педагог төмендегі жағдаятты тәрбиеленушілерге айтады: – Қуаныш мектепке барды. Мектептің дәлізі кең екен. Қуаныш дәлізде қатты жүгіріп ойнай бастады. Қуанышқа тағы бір бала қосылды. Екеуі айғайлап сөйлеп, алысып ойнай бастады. Бір кезде аяғына шалынып, баспалдақтан құлап қалды. – Балалар, Қуаныштың әрекеті дұрыс болды ма? Ол нені сақтамады?	Музыкалық сүйемелдеу.
ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин		(ПТ) Педагогтің әңгімесі: – «Мектеп» деген сөзде үлкен мән-мағына жатыр. Мектепте оқушылар тәлім-тәрбие алады, білім алады. Баланың достары көбейеді. Мектепте тек білім ғана алмайды, сонымен қатар үлкенмен де, кішімен де қарым-қатынас жасауды үйренеді. Бала білімді, өнерлі, тәрбиелі болып шығады. Оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп маңайында оқушылардың жүріп-тұруына қауіпсіздік жасау қажет. Сондықтан мектепте арнайы қауіпсіздік ережесі болады. Оны мектепте жұмыс жасайтын адамдар да, оқушылар да сақтаулары тиіс. Мысалы: өрт қауіпсіздігі, жол ережелері сияқты. Оқушыларға: ҰОҚ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайды; оқушылардың өміріне және денсаулығына қауіпті болғандықтан, терезенің алдына мінуге, шкафтардың үстіне шығуға, баспалдақтың таянышымен сырғанақ тебуге, басқа оқушыларды итеруге; мектептегі шаруашылық бөлмелерінің есігін ашып-кіруге; электрлік шкафтарды ашуға ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. (ПТ) Сөздік жұмысын жүргізу	Мектептегі қауіпсіздік ережелері. http://goo.kz/content/view/35/2945

	<i>Көптілділік:</i> Ережелер – правила – rules Тыңдайды, бірнеше рет қайталайды. (Ө, Т) Әліппе-дәптермен жұмыс. . Сергіту сәті Күз келіпті тамаша, Айдын далаға қараса. Сарғайған көп жапырақ, Сан жетпейді санаса. Сарғаяды даламыз, Жеміс жинап аламыз. Күз мезгілі келгенде, Біз мектепке барамыз. (ПТ) Жалпы тәртіп ережелерімен таныстыру. Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде ҰОҚ басталар-алдында 10-минут қалғанда кешікпей келулері керек. Мектепке кіргеннен кейін оқушылар киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп, оқу құралдарын дайындап, мұғалімді күтіп отырады. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелерін оқып, біліп және сол ережелерді сақтауға міндетті. Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс. Оқушылар үлкен адамдарды сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, оларға керек болғанда көмектесуге; мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, ұқыптылықпен қарауға: мұғалімдердің және мектептегі басқа жұмыскерлердің талаптарын орындауға міндетті. Оқушылар бір-бірін атымен атап, үлкен адамдардың тегін атап «сіз» деп және бөтен адамдарға да «сіз» деп сөйлеседі. Оқушылар үлкен адамдарға жол беріп, кішкентай оқушыларды алдымен жіберулері және де ұлдар қыздарға жол берулері керек. Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек. Күш қолдану адамның ар-намысын қорлайды, сондықтан мектепте төбелесуге қатаң түрде тыйым салынады. 2-тапсырма: Мектепте өзін дұрыс ұстайтын баланың әрекетін көк түспен белгіле. Қылығы ерсі баланың суретін қызыл түспен белгіле. 3-тапсырма: Топпен сыныпта тәртіп ережесін құрастырындар Үлгі жауаптар: Мектепке кірерде баскімді шешіп кіруміз керек. Дәлізде, сыныпта жүгіруге болмайды Мұғалімнің айтқанын тындап, ол кісіні сыйлау керек. Партаға дұрыс отыру керек. Оқу құралдарын күтіп ұстау керек. Оқушылар бір-бірімен дос болу керек. Қажет кезде бір-біріне көмек береді.	<i>Мектептегі қауіпсіз ережелер</i> <i>Әліппе дәптері</i> <i>суреттер</i>
IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан қоңырауды кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
Білім беру саласы: «Әлеумет»
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

№7Тақырыбы: Байланыс құралдары	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 15.12.2021	Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
СЫНЫП-ТОП: 0 « А »	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	0.1.4.1. Байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атау.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Байланыс құралдарының қажеттілігін, олардың жалпы қызметтері туралы түсінеді. Көпшілік тәрбиеленушілер: Байланыс құралдары мен ақпарат құралдарының айырмашылығы мен ұқсастығын біледі. Кейбір тәрбиеленушілер: Қазіргі заманда адам өміріндегі қажетті байланыстың және ақпарат құралдарының алуан түрлілігін түсінеді. Тәрбиеленушілер: Талқылауға, пікірталасқа белсенді қатысады; өз таңдауын түсіндіреді; өз мақсатын түсіндіреді; жалпы негіздерді біріктіру; тұрғылықты жеріндегі көлік тасымалын әңгімелейді. <i>Көпшілік:</i> ғаламтор – интернет – internet Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. «Байланыс құралдары», «Ақпараттық құралдар» <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? Хатты қалай жібереді? Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз?	
Тілдік мақсат		
Өткен ҰОҚ-дан алған білім	Байланыс қызметі түрлері, олардың атаулары	
Жоспар		
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған жұмыс түрлері	Ресурстары
. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2мин. II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Қуан, шаттан, алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы күн! Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін.	Музыкалық әуен
ҰОҚ-ның ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 6 – 27мин	(ПТ) Балалардың әртүрлі байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігі туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беру. Байланыс құралдарының қажеттілігін, олардың жалпы қызметі. (Ұ) сөздік жұмысын жүргізу <i>Көпшілік:</i> ғаламтор – интернет Педагог (Ұ, Ө) сөздерді айтады, балалар қайталайды. Педагог жұмбақ жасырады. Бар екен бір терезе ғажап үйде Кино болар терезеден күнде-күнде. (Теледидар) Шыр-шыр етеді, Ұстап қалсам, сөйлеп кетеді. (Телефон) Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. (Балалар бұл жұмбақты шеше алмай қиналуы мүмкін. Сол кезде сұрақтар қою арқылы жұмбақтың шешуін тапқызуға болады). Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? (Газет) Хатты қалай жібереміз? -Пошта арқылы. Байланыс құралдары: телеграф, телефон. -Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? – Ақпараттық құралдар арқылы. Олар: теледидар, радио, газет, ғаламтор. (Ө, т) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма Суреттен тек байланыс құралдарын белгілету және оларды бояу (телефон, факс, ұялы телефон, хат, компьютер, құттықтау хаттар). Телефон, хат, құттықтау хаттар, сәлемдеме байланыс түрлеріне жатады. Байланыс қызметінің бұл аталған түрлерінің бәрі адамдардың тұрмысына өте қажет. Компьютер де байланыс қызметі түрлерінің	Байланыс құралдарының суреті. Жұмбақтар жинағы Суреттер

IV. ҰОҚ-ның қорытындысы. Рефлексия. 28-30 мин.	қатарына жатады. Компьютермен әлемнің барлық жерлерінен әртүрлі хабарлар алынады және жіберіледі. Қазіргі кезде мектептер компьютермен толық қамтамасыз етілген. Пошта – хат, телеграмма, ақша, газет-журнал, сәлемдеме сияқты заттарды бір жерден екінші жерге жеткізумен айналысатын мекеме. Бұл мекемеде байланыс қызметкерлері – хат, телеграмма т.б. қабылдаушы-операторлар, хат тасушылар жұмыс істейді. Адам өміріне өте қажетті байланыс құралдары: теледидар, ұялы телефон, компьютер, ғаламтор кең таралған. Күнделікті жаңалықтарды – өзіміздің мемлекетімізде, тіпті шетелдерде болып жатқан оқиғалар туралы естіп, ақпарат аламыз. 2-тапсырма: Артық суретті белгіле. Себебін түсіндір. Сурет арқылы балалардан сұрақ-жауап алады. – Балалар, бұрынғы заманда телефон, телеграф жоқ болған кезде адамдар бір-бірімен қалай хабарласқан? (Суретті қарап, байланыс құралдарын атап береді). Ақпараттық құралдарға нелер жатады? (Газет, радио, теледидар, компьютер). Ежелгі байланыс құралы қай қатарда тұр? (Поштаны көгершіндер арқылы, арнайы шабарман арқылы жіберген). Компьютер желісінің қандай пайдасы бар? -Компьютердегі ғаламтор желісі – ақпараттың және байланыс құралы. Балалар ғаламторды пайдаланып көрген болса, қалай пайдаланғандарын айтады. -Ғаламтор деген не? Ғаламторды пайдаланып көрдіңдер ме? Ғаламтор арқылы адамдар бір-бірімен хабарласа ала ма? – Ғаламтор арқылы әлемдегі жаңалықтарды білуге бола ма? (Ұ) Педагог балаларды шеңбер құрғызып тұрғызады. Педагог тәрбиеленушілерге дөңгелене отырғызып, «сымсыз телефон» ойынын ұйымдастырады. Ойын шарты: Педагог бір баланың құлағына бір сөз айтады, ол бала жанындағы балаға сыбырлап, басқаларға естіртпей жеткізуі керек. Осылай сөзді өзгертпей келесі балаға айтады. Ең соңғы бала естіген сөзді дауыстап айтады, егер сөз өзгерген болса, кім қандай сөз естігенін қайталап айтады. Сөзді кім өзгертсе, сол бала айыпты болады. Айыбын таппақ, не өлең айтып өтейді. (Ұ) сергіту сәті: «телефон» Әй, телефон, телефон, Апам келіп бұраса, Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің. Әй, телефон, телефон, Көкем келіп бұраса, Кім керегін сұраса, Тез шақырып келесің, Айтқанына көнесің. (т, Ө) 3-тапсырма: Хаттың иссіне келу жолын ретімен жаз. 1.Хат жазып отырған бала. 2.Хатты поштаның жәшігіне салып жатыр. 3.Пошта, пойыз, ұшақ, мәшине. 4.Пошташы хатты апарып беріп жатыр. 5.Иесі хатты оқып отыр. «Хат тасушы» өлеңін оқу. Ол жатқа біледі қаланы, Бар көше, бар үйге барады. Біздің де қораны табады, Күнде кеп есікті қағады. Ағама, тәтеме, атама, әжеме, Көкеме, апама Көп-көп хат келеді алыстан, Достардан, тумадан, таныстан. (т) ойын: «Хат тасушы» ойын шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Олар екі тізбекке тұрады. Ең соңғы бала хатты алдында тұрған балаға береді. Екі топ осылайша жарысады. (Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан пошта жәшігін кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен;• түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; бәрі түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	<i>Ойындар жинағы</i> <i>Өлеңдер жинағы</i> <i>Әліппе дәптердегі суреттер</i> Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.
---	--	---

Бекітілді: 
Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Көлік түрлері		
Күні: 29.12.2021		
ҰОҚ-ның мақсаты	0.1.4.2. Қозғалыс ортасы мен қолданылуы бойынша көлік түрлерін ажырату және сипаттау.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Өздеріне таныс көлік түрлерін салыстырады, ажыратады. Көлік түрлерінің пайдасын біледі. Көпшілік тәрбиеленушілер: Көліктердің адам өміріне қаншалықты қажеттілігін біледі. Кейбір тәрбиеленушілер: Көлік түрлерін ажыратады және сипаттайды. Өзі тұрған жерінде жүретін көліктердің түрлерін біледі.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Талдауға қатынаса алады; диалогке белсенді қатынаса алады; өз таңдауын жасай алады; жалпы белгілеріне қарай топтастыра алады; өзінің тұрған жерінің көліктері туралы әңгіме құрастырады. Суретті талқылауға қатысуға; үнқатысуда белсенді қатысады; орналасу жоспарына негізделген қысқа әңгіме айту; мекенжайын айтып беру. <i>Көптілділік:</i> Трамвай – трамвай – tram, ұшақ – самолет – aircraft Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Пойыз, трамвай, троллейбус Жерде, әуеде, суда <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Барлық көліктің түрлері бірдей ме? Олардың бір-бірінен қандай ерекшеліктері бар? Қандай ұқсастығы бар? Сіз тұратын қалада қандай көліктерді кездестіруге болады? Ата-бабаларымыз қандай көліктермен қатынас жасады және бір-бірлерімен қалай байланысты? Өзің мектепке (балабақшаға) қандай көлікпен келесің? Қазіргі заманда көлік адамдарға қандай көмегін тигізеді? Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру. Көлік түрлерін айтып беру. Өздері мектепке (балабақшаға) қандай көлікпен келгендерін айту. Көлікке қалай отыру, қозғалыс кезінде жолдан абай болу. Көлік ішінде ереже сақтау.	
Өткен ҰОҚ алған білім	Көлік туралы түсінік.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Арайлы таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз, Жайнай берсін қаламыз.	Музыкалық әуен.
II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(ПТ) Балалардың әртүрлі көлік қозғалысы туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап бергіздірту. Көлік түрлерін сипаттап және ажыратып беру. (Ұ) «Көліктер мен байланыс құралдары жоқ болса, онда не болады?» деген сұраққа жауап алады. Үлгі жауаптар: – Бір жерден екінші жерге қатынау қиын болады. Жолаушылар баратын жеріне уақытында бара алмайды. – Телефон, электронды пошта болмаса, бірден хабар ала алмай қаламыз. Алыста тұратын адамдар жақындарымен хабарласа алмай қалады. Педагог «Көлік» атты мультфильм қарауды ұсынады. Сол көрген мультфильмнен не түсінгендері туралы әңгімелеседі.	Көлік түрлерінің суреттері. «Көлік» атты мультфильм
III.ҰОҚ-ның ортасы Тақырып бойынша жұмыс, 6–28 мин	(Ұ) Педагог сұрақ-жауап әдісі арқылы ҰОҚ-ның тақырыбын анықтатады. – Балалар, мына суретте нелер бейнеленген? (Ұшақ, троллейбус, автобус, кеме). – Бұлардың барлығын бір сөзбен атауға бола ма? (Көлік). – Балалар, мен қазір сендерге жұмбақтар жасырамын. Сендер жауабын тауып, қандай көлік түрлері екенін табасыңдар. Жұмбақ шешу. Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. (Ұшақ) Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз) Сымға асылып,	\ <

	Жүр асығып. Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді, Ол не, ал кім біледі? (Троллейбус) Педагог көліктердің қоғамдық, жеке және жүк көліктері болып бөлінетіндігін айтады. Қоғамдық көліктерге (ұшақ, троллейбус, автобус, кеме, трамвай, метро т.б.) жатады. Жүк көліктерінің екі түрге бөлінетіні (фургон, цистерна) және мәшинелердің құрылысын, ұқсастықтарын, айырмашылықтары жайлы айтылады. (ПТ) Сөздік жұмысын жүргізу <i>Көптілділік:</i> Трамвай – трамвай – tram, ұшақ – самолет – aircraft Педагогтен кейін бірнеше рет қайталайды. Суретпен жұмыс. Суретте көлік түрлері бейнеленген. Осы көлік түрлеріне мұқият қараңдар. Олардың ортақ белгілері не? (Дөңгелектер) Ал оларға дөңгелектер не үшін қажет? (Жүру үшін). Ал автобус, мәшине, пойыз қайда жүреді? (Жерде рельс арқылы жүреді). – Тақтадан жерде жүретін тағы да қандай көлік түрлерін көріп тұрсыңдар? (Трамвай, троллейбус) – Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады? – Жүргізуші, ең бастысы, нені білуі керек? – Жүргізуші жолда жүру ережелерін сақтау, үйрену арқылы адамдардың өзінің өмірін және денсаулығын сақтайтындығы түсіндіріледі. – Өртүрлі көлік түрлерін не үшін ойлап тапқан? (Жердің әр түкпіріне, қалаларға, басқа елдерге жету үшін) – Ал, егер де біз алыс елге барсақ... Мысал: Қытай еліне барғымыз келсе, біз ол жаққа қалай жетеміз? (Ұшақ, пойыз, автобус). Ұшақ, тікұшақ қайда ұшады? (Әуеде ұшады). Тақтада тағы қандай көлік түрлерінің суреттері ілініп тұр? Олардың ортақ белгілері қандай? Теплоход, кеме, катер. – Бұл көлік түрлерін қандай ортақ атаумен атаймыз? (Суда жүзетін көліктер). – Сонымен, балалар, бүгін біз көлік туралы қандай жаңалықтармен таныстық? (Көліктер жерде, әуеде, суда жүретін болып бөлінеді). (Ұ, Т, Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Қаладағы көлік түрлерін ата? Ауылдағы көлік түрлерін ата? Айырмашылығы неде? Трамвай, троллейбус, автобус, метро т.б. қаладағы көлік түрлері. Атарба, мотоцикл, мәшине – ауылдағы көлік түрлері. Айырмашылығы: трамвай, троллейбус, метро ауылда жүрмейді. Атарба қалада жүрмейді. (Ұ) Сергіту сәті: Ал, паровоз, баста алға, Бәрімізді басқар да. Піш-піш, піш-піш, біз кеттік, Жүрісті тым үдеттік. Кәне, кімнің бойы ұзын? Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық. 3-тапсырма: Мына көліктердің қайсыларын «арнайы көлік» деп атайды? Белгіле. Себебін түсіндір. Себебі арнайы көліктер адамдарға өте қажет. (Ұ) Ойын: «Дауысынан таны» Шарты: Ұнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың гудогі, ұшақтың, кеменің т.б.) дауыстары тыңдатылады. Дыбыстар қай көліктің түрі екенін ажыратады. Өзі тұратын қалада қозғалыс ортасында және арнайы қызметтерге арналған қандай көлік түрлері бар екені туралы айтуын сұрайды. Педагог балалардан суреттерге мұқият қарап, қорытынды жасауларын сұрайды. Өр көлік түрлерінің атқаратын жұмыстарына және арнайы қызметіне қарай бөлінетін түрлерін анықтайды.	суреттер. Көлік түрлері. Жұмбақтар жинағы. Көлік түрлерінің суреттері. Әліппе-дәптер. Суреттер. Ойындар жинағы. Әліппе-дәптер. Ойындар жинағы. Көліктердің дауыстары жазылған ұнтаспа.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан мәшинені кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Мен тұратын қала (ауыл)	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 19.01.2022	Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
Сынып/топ: 0 « А »	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаты	0.2.1.1. Өз өңірінде бағдарлану тәсілдерін және өз үйінің (тұрғылықты мекенжайын) мекенжайын атау.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Туған жерінің табиғатының бірқатар артықшылықтарын атайды. Өсімдіктерінің түрлерін атап береді. Тұрғылықты мекенжайын білу және көрнекті жерлерін атау.	
	Көпшілік тәрбиеленушілер: Өз мекенжайының, қаласының көрікті жерлерін біледі.	
	Кейбір тәрбиеленушілер: Туған жерінің табиғатын сипаттай алады. Өзінің туған ауылының немесе қаласының табиғатын басқа қалалармен (ауылмен) салыстырып айта алады.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Өзі тұрған қаласының аты, өзінің мекенжайы туралы өзімен байланыстыра әңгімелеп береді. Өз қаласы туралы не білетіндері жөнінде әңгімелейді. Көптілділік: Мекенжай – адрес – address	
	Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Мекенжай, үй.	
	<i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Сіздің мектебіңіз қайда орналасқан? Мектеп ауласында не бар? Өз мекенжайыңды білесің бе? Өз мектебіңнің (балабақшаның) мекенжайын білесің бе? Өзіңіздің мекенжайыңызды атап беріңіз?	
Өткен ҰОҚ-дан алғант білімі	Көлік түрлерін айтып беру.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Армысың, шапағатты күн-ана! Армысың, шапағатты аспан-ана! Құт дарытқан елімізге, жерімізге Армысың, мейірімді Жер-ана.	Музыкалық әуен.
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(ПТ) Балалардың қала туралы, мекенжайы туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беру. (ПТ) Педагог балаларға табиғи аймақтағы құрастыру Қазақстан картасын ұсынады. Біздің Еліміздің картасына қараңдаршы. Жеріміз өте үлкен. Біздің туған-туысқандарымыз еліміздің әртүрлі жерлерінде тұрады. Сол туысқандардың қай қалада, қай ауылдарда тұратынын айтып беріңдерші? Олар бір-бірінің өмір тіршіліктері туралы қалай біледі? (ПТ) Педагог «Туған өлке» тақырыбында бейнефильм көрсетеді. Мына бейнефильмге қараңдар, өлкеміздің қандай жерлерін көріп тұрсыңдар? Көптілділік: Мекенжай – адрес – address Педагогтен кейін бірнеше рет хормен және жеке-жеке қайталайды. (Ұ, т, Ө) Педагог тәрбиеленушілерге: Туған жер, Отан деген – адамның туып-өскен жері. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Қазақстанда дүниеге келіп, осында өсіп жатырсыңдар. Отан – отбасынан, туған қала, ауылынан басталады. Отаным деп Қазақстан елін, туған өлкем деп туып-өскен жерін – <i>Ақсуды</i> (әркім өзінің туған жерін, мысалы, Жетісуды немесе басқа да жерлерді) айта алады.	Балалардың тұратын қала (ауылдарының) суреттері. Kazakhstan. Энциклопедия. Алматыкітап баспасы, 2010 жыл. Ақсу-Жабағылы қорығы https://www.youtube.com/watch?v=jXCSV0x0iuQ Интерактивтік тақта. Қазақстанның әртүрлі қалалары, ауылдары бейнеленген фотосуреттері, бейнефильм.

ҰОҚ-ның ортасы III . Тақырып бойынша жұмыс. 6–28 мин	(Ө, т) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма Біздің Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Елордасы – Астана. Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Гимн, Атазаң. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес. Астана қаласындағы Бәйтерек – архитектуралық құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Елорданың ең көрнекті ғимараттарының бірі. (Ұ) 2-тапсырма: Сұрақтарға жауап беру. – Сен қай республикада тұрасың? -Сен қай қалада (ауылда) тұрасың? -Өздерің тұрған қалаларың (ауылдарың) қалай аталады? -Өздерің қаланың (ауылдың) қай жерінде тұрасыңдар? -Сен тұратын көше қалай аталады? -Қандай үйде тұрасыңдар? -Нешінші үйде тұрасың? 3-тапсырма: Өз үйіңнен мектебіңе немесе балабақшаңа дейінгі жолды сал. Қарындашпен жолды салу. (Ұ) Сергіту сәті: «Отан – менің ата-анам» әнін әндетіп айтады. 4-тапсырма: Өзің тұратын өлкеде суретте бейнеленгендердің қайсысы бар? Белгіле. Сенің қалаңда (ауылыңда) адамдардың тұрмысы үшін нелер салынған? Олар қажет деп ойлайсың ба?	Отанымыздың табиғаты, қалалары, ауылдары бейнеленген суреттер. Мемлекеттік рәміздер бейнеленген плакат немесе бейнефильм. Әліппе-дәптер. «Отан – менің ата-анам» атты өлеңнің фонограммасы. Әліппе-дәптер.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексиялық түзету. 28–30 мин	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан үйді кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: *ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; *бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
 Білім беру саласы: «Әлеумет»
 Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

№10 Тақырыбы: Туған өлкемнің табиғаты	Мектеп/МДҰ: №8 негізгі орта мектеп	
Күні: 02.02.2022	Педагогтің аты-жөні: Колшинбаева К.Ш	
Сынып/топ: 0 « А »	Қатысқандар саны:9	Қатыспағандар саны:
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаты	0.2.1.2. Өз өңірінің климаты мен табиғатын сипаттау. 0.2.1.3. Өз өңірін сурет/сызбада бейнелеу.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін сипаттайды. Көпшілік тәрбиеленушілер: Табиғат құбылыстарын, яғни оның түрлерін ажырата алады. Кейбір тәрбиеленушілер: Оқытушының көмегінсіз ауданының сызбасын сыза алады.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: түсіндіру, не үшін бізге карта маңызды; ойлау, диалогке қатысу керек. Көптілділік: Табиғат – природа – nature Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Туған өлкем, жыл мезгілінің құбылыстары. <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Карта дегеніміз не? Қандай шартты белгілер көмектеседі? Қай жерде орналасқан? Табиғатқа деген сүйіспеншілігің қандай? Климат және ауа райы арасындағы қатынастарды анықта. Дала. Өсімдіктер, жануарлар. Ауа райы, желдің күші, жауын-шашын, температура индикаторы, климат.	
Өткен ҰОҚ-дан алғант білімі	Балабақша бөлмесі мен бөлімше жоспар туралы қарапайым ұсыныстар. Ғимараттар, жолдар, өсімдіктер туралы білімдер	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0-2 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Табиғаттан нәр алған ғой жанымыз, Ұсынайық жүрек нұрын бәріміз.	Музыкалық әуен.
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3—5 мин	(Т) Өлкемнің табиғаты туралы әңгіме Туған өлкемнің табиғаты туралы слайд көрсету. Біздің туған өлкеміздің табиғаты қандай? Біздің өлкеміздің табиғаты сұлу. Биік тау бар. Ауыл сыртында Ақсу өзені ағып жатыр. Өзен жағасында жап-жасыл құрақ өседі. Біз онда асыр салып ойнаймыз. Өзенде балық бар. Менің өлкемде құндыз, қасқыр, түлкі, қоян, қырғауыл сияқты жануарлар тіршілік етеді. (Балалардың үлгі жауабы). Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау, ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру. Табиғат байлығы адамзат өмірінің баға жетпес асыл қазынасы, өмірлік қоры, болашақ ұрпаққа да осы қалпында, таза күйінде жеткізер мұрасы екенін ұғындыру.	Интерактивтік тақта, слайд Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары. Алматыкітап баспасы, 2009 ж.
ҰОҚ-ның ортасы III . Тақырып бойынша жұмыс. 6—28 мин	(ІІТ) Қазақстанның табиғаты өте тамаша. Мұнда көк аспанмен таласқан әсем таулар, бұлақтар, өзен- көлдер, ну ормандар, жидек бұталары, сан алуан өсімдіктер бар. Жануарлардың қаншама түрі тіршілік етеді. Ал осы табиғатымыздың ауа райы барлық жерімізде бірдей емес. Еліміздің бір жері таулы, бір жері дала болып келеді. Сондықтан таулы аймақтарда жаз салқындау болса, далалы аймақтарда жаз керісінше ыстық болады. Сол сияқты бір аймақтарда жаңбыр жиі жауса, бір аймақта аз жауады. Бір аймақтарда қыс суық болады. Әр аймақтың табиғаты көркем. Сол аймаққа тән өсімдіктері өседі, жануарлары тіршілік етеді. Мысалы: далалы аймақта жусан көп өссе, таулы аймақта жасыл шыршалар өседі. Еліміздің табиғатын қорғауымыз керек. (Ө, Т) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма Балалар өздері тұратын өлкенің табиғаты қай суретке сәйкес келетіндігін анықтайды. Мысалы: таулы аймақта тұратын балалар тау баурайында тұрған қаланың суретін, ал теңіз немесе көлдің жағасында тұратындар теңіз жағасында тұрған қаланың суретін белгілейді. (Ұ) Табиғат жайлы өлең оқу. Табиғаттың әсемдігін жырлаған ақындар баршылық. Мысалы: Тұманбай Молдағалиевтің «Қыс» өлеңін тыңдаңдар. Жапалақтап аппақ қар, Жауды күнде қайталап. Қырға шықты балалар, Шаңғыларын аркалап.	Қазақстанның картасы, табиғаты бейнеленген суреттер немесе слайдтар. Әліппе-дәптер. Аудиотаспа.

	– Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған? (Қыс) – Қандай табиғи құбылыс туралы айтылған? – Қар. – Қардан басқа тағы қандай табиғи құбылыстар болады? – Жаңбыр. Жаңбыр жаз, күз және көктем мезгілдерінде жауады. – Найзағай. Найзағай қатты нөсер жауған кезде болады. Көктем және жаз айларында болады.	
	(Т) Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң?» Балалар 4 топқа бөлінеді. Төрт мезгілге байланысты суретті кестелер таратылады. 1-топ. «Көктем» туралы суреттерді дұрыс орналастыру. Көктем мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша баяндайды. Мысалы: көктемде ауа райы жылынады. Қар ериді. Шөп шығады. Жаңбыр жиі жауады. Жер беті жап-жасыл болады. 2-топ. «Жаз» туралы суреттерді дұрыс орналастыру. Жаз мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша баяндайды. 3-топ. «Күз» туралы суреттерді дұрыс орналастыру. Күз мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша баяндайды. 4-топ. «Қыс» туралы суреттерді дұрыс орналастыру. Қыс мезгілінің табиғаты жайлы қысқаша баяндайды. (Ұ) Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен болып өседі. (Ө, Т) Әліппе-дәптермен жұмыс. 2-тапсырма. Өлкенде қандай табиғи құбылыстар жиі болып тұрады? Суреттерін жапсыр. (Қар, жаңбыр, күн, найзағай). 3-тапсырма: суретке қарап, шартты белгілерді біліп ал. Осы шартты белгілерді пайдаланып, өз өлкенің сурет-сызбасын ересектердің көмегімен бейнеле. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіру. Педагог шартты белгілердің көмегімен балалар не бейнелегендерін айтып беруді сұрайды.	Суреттер Әліппе-дәптер. Шартты белгілер салынған сызба.
IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексиялық түзету. 28–30 мин	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан жапырақты кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді: 
Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Қазақ халқының мәдениеті		
Күні: 16.02.2022		
ҰОҚ-ның мақсаты	0.3.1.1. Көрнекі материалдарды зерделеу негізінде қазақ халқының көшпенділік тұрмысын сипаттау.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Қазақ халқының көшпенділік тұрмысына сипаттама жасайды. Мақалдың мағынасын түсінеді. Көпшілік тәрбиеленушілер: Қазақ халқының тұрмыс-салты жайлы біледі. Ұлттық ерекшеліктерін айта алады. Кейбір тәрбиеленушілер: Көшіп-қону орындарын атайды: жайлау, қыстау, көктеу, күзеу.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Талдау, түсіндіру, салыстыру арқылы қазіргі өмір мен ежелгі ата-бабаларының тұрмысы туралы түсінік алады. <i>Көптілділік:</i> Отырықшы – оседлый – settled Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Қолтаңба, көшпенділік, әдеп-ғұрып <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Қазақ халқының қандай көшпенділік тұрмысын білесіңдер? Не үшін көшу керек? Суретте не бейнеленген? Қандай жайылымдарды жазғы деп атайды? Қандай жыл мезгілі бейнеленген? Күзгі жайылымда қандай жұмыстар орындайды? Егер халық көшпесе, не болар еді? Соны ойлап көріңдер?	
Өткен ҰОҚ алған білім	Қазақ халқының қарапайым көшіп-қону тұрмыс-салты. Қазақ халқының көшпелі өмір жайындағы қарапайым білімдері.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I.Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Н. Айтовтың «Киіз үй» өлеңі оқылады. Бұл киіз үй болды менің сарайым, Айлы күнге көлеңкесі-ай көлбеген. Қыста онымен бірге өтеді сан айым. Туырлықтың сыртын қырау шалса да, Ызғар өтпес боран соқсын қаншама, Сән-салтанат, іші кірсең шыққысыз, Көрген пенде таңдай қағар тамсана. (ПТ) Қазақтар – Қазақстан Республикасының негізгі тұрғындары. Қазақстанның байтақ даласы – қазақтардың атамекені. Негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Сондықтан белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп-қонып жүрді, яғни көшпелі ел болды. Жоғары дамыған мәдениеті болды. Баспанасы – көшіп-қонуға ыңғайлы, жиналмалы киіз үй. (Ұ) Таңғажайып сәт: Айжамал әжеге қонаққа бару үшін Айсұлу мен Қуаныштың келуі. -Ауылға бәріміз бірге барамыз. Бірге отырған жөн емес. Одан да бір-біріміздің артымыздан жүреміз. Енді өзеннен де жүземіз. Тау мен үңгірден де өтеміз. Міне, қазақ үйдің оюы да көрінді. <i>Балалар қимылмен көрсетеді.</i> Бірақ ауылды орнынан таба алмайды. Айсұлу мен Қуаныштан көмек сұрайды. Педагог сұрақ қояды: Сендер қалай ойлайсыңдар, қандай жағдайдың болуы мүмкін? Ауыл қайда кетті? Балалар өздерінің тәжірибесін қолдана отырып салыстырып, ойларын айтады, талдау жасайды. Сендерге «көшіп-қону, көшіп кетті» деген сөз таныс па? Сендер ол сөзді қалай түсіндіресіңдер? (ПТ) Сөздік жұмысын жүргізу <i>Көптілділік:</i> Отырықшы – оседлый – settled 1. Педагог дауыстап айтады. 2.Балалар хормен қайталайды. 3.Жеке-жеке айтады. (Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма:	Музыкалық әуен.
II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин		Интерактивтік тақта. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Энциклопедия. Алматыкітап баспасы, 2006 ж.
III.ҰоҚ-ның ортасы Тақырып бойынша жұмыс, 6–28 мин		Айсұлу мен Қуаныштың суреті. Слайд арқылы көрсетіледі.

IV. ҰОҚ қорытындысы. Рефлексия 28-30 минут	Бірінші бағандағы жазылған мәліметтерді педагог оқиды. Балалар осы мәліметтер бойынша тиісті суретті белгілейді. 1.Басқа ұлттардың ішінен қазақты белгілейді. 2.Қысы-жазы отыратын баспанасы – киіз үй. 3.Ата-бабамыз мал баққан: төрт түлік малды белгілейді. 4.Музыкалық мәдениеті жоғары болған: қобыз, домбыра. (ПТ) Педагогтің түсіндіруі: Қазақ халқы ерте кезден бастап мал бағып, өсірумен шұғылданған, сондықтан көшіп-қонып өмір сүрген. Әр жылдың ерекшелігіне қарай малды көбейтіп ұстауға жағдай жасаған. Қысқы қыстауды өзен жағасына қамыстар өскен, таулы қыраттар және орманды жерге орналастыратын: малдар боран соққан кезде ылғал таба алатын, қар астынан тамақ табуға ыңғайлы жерді қарастырған. Сол сияқты жазға жайлаудың орналасқан жерінің де шөбі қалың, суы мол болуы керек. Күзде күзеуге көшіп, бірінші суық түскенше сол жерде малды бағып отырған. Қыста ауыл қыстауға көшкен. Қысы жылы болатын орынға және аз қар жауған жерге орналасқан. Мұндай жерге көшу себебі: малға қар астынан жем тауып жеу ыңғайлы болған. (Ұ) Сергіту сәті: «Уық» Дегеніміз уықтар, Имек басты сырықтар. Шаңырақты уысқа ап, Тұрады ылғи иық ұстап. (Ө, Т) Өліппе-дәптермен жұмыс. 3-тапсырма: Артығын айналдыра қорша. Себебін түсіндір. Бірінші қатарда ыдыстардың ішіндегі артығы – шәйнек. Бұл – қазіргі заманғы фарфор ыдыс. Екінші қатардағы заттардан шкаф артық. Ұлттық мүлікке жатпайды. Сандық – ұлттық мүлік; астау – ұлттық ыдыс, ер-тоқым – аттың әбзелі. Шкаф – қазіргі заманғы мүлік, жиһаз. -Суреттегі тұрмыстық заттарды қазір пайдалана ма? – Пайдаланады. Әлі де пайдаланады. Торсыққа сусын құяды. Астауға ет салады, ер-тоқыммен атты ерттейді. Бұлардың бәрі – керек заттар. -Осындай заттарды жасайтын адамды кім деп атаймыз? - Шебер деп атайды. (Т) Кішігірім зерттеу. (топтармен жұмыс). Педагог балаларға төрт топқа бөлінуді ұсынады. Әр топқа жыл мезгілдеріне сай көшпенділердің иллюстрациясы салынған сурет берілген. Бірінші топ жазғы жайлауда көшпенділер немен шұғылданғандарын анықтайды. Ой қорытындысы: жазғы жайлауда тоқумен және киім даярлаумен, тері илеп, сүт өнімдерін өңдеумен шұғылданған. Екінші топ қыс мезгілінде көшпенділер немен шұғылданғандарын анықтайды. Малға күтім жасап, жабайы аңдардан қорғайды, суықтан сақтандырады деген ой қорытындыларын жасайды. Үшінші топ күзгі күзеуде немен шұғылданғандарын анықтайды. Күзгі күзеуде малды қырқады, қыркып болған соң жіп иірген, керекті құрал-жабдықтарды жөндеп, отындарды отап, қысқы үй жайларына даярлық жасаған. Төртінші топ көктемгі жайылымның немен шұғылданғандарын анықтайды. Ой қорытындысы: малдың күтімімен айналысқан, осы кезде мал төлдеген. Педагог қазақ халқының тұрмысындағы ерекшеліктерді атай отырып, қазақ халқының еңбекқор, ынтымақты екенін айтып қорытындылайды. (Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан уықты кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен	Өліппе-дәптер. Ұлттық жиһаздар мен бұйымдардың, ұлттық киімдердің суреттері. Өліппе-дәптер. Өліппе-дәптер. Көшпенділердің еңбектері туралы слайд немесе суреттер. Өліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.
--	--	---

Бекітілді: 
 Білім беру саласы: «Әлеумет»
 Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Өмірлері өнеге болған ұлы адамдар.		
Күні: 02.03.2022		
ҰОҚ-нің оқыту мақсаты	0.3.1.1. Тарихи тұлғалардың және белгілі батырлардың рөлін түсіндіру.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Өмірлері өнеге болған ұлы адамдар туралы біледі.	
	Көпшілік тәрбиеленушілер: Абайдың «Адам болам десеңіз» өлеңін жатқа айтады, батырдың негізгі қару-жарағын атайды.	
	Кейбір тәрбиеленушілер: Батырлардың атын атап береді және ерліктері жайлы әңгімелейді. Ұлы Отан соғысының батырларын атайды.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Еліміздің әскері, батыр, ел қорғайтын, ержүрек жауынгерлері туралы айтып әңгімелеп береді. Қазақ батырлары мен тарихи тұлғалардың, ақын жазушылардың сөздерін жатқа айтады. <i>Көптілділік:</i> Батырлар – герои – heroes	
	Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Тарихи тұлғалары, батырлары, ақын жазушылары	
	<i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Өнеге болған қандай ұлы адамдарды білесіңдер? Қалай ойлайсың, суретте не бейнеленген? Батырлардың қасиеттерін сипаттап беріңдер? Оларға халық қалай қарайды? Сен қандай батырларды білесің?	
Өткен ҰОҚ-нен алған білім, білік	Қазақ халқының тұрмыс-салты және мәдениеті туралы.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстары
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату. 0–2 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері Күлімде күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де, Қанат қақсын көгершін.	Музыкалық әуен
II . Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам. 3–5 мин	(ПТ) Педагог өнеге болған ұлы адамдар мен батырлар туралы айтады. Қазақ халқында өмірлері өнеге болған адамдар көп болған. Олар: хандар, билер, ақындар, батырлар. Әділ, ақылды хан ел басқарған. Билер халыққа ақыл айтып, дауларды шешіп отырған. Ақын, жыршылар халқымыздың өмірі туралы жыр шығарған. Батыр – елі үшін жаумен соғысқан, ер жүрек, қайтпас қайсар, әділ және тапқыр адам. Сондықтан, қазақ халқында әрі батыл, өткір де тапқыр, қажырлы да қайратты адамға «батыр» деген құрметті атақ берілген. «Батыр» атағы ешқашан мұраға қалдырылмаған, оған адам соғыс кезінде өзінің ерекше қасиеттері мен жеке ерліктері арқылы жеткен. Осындай ел басына қиын-қыстау күн туған заманда есімі ел арасында кең тараған тұлғалар. (ПТ , Ұ) Сөздік жұмысы жүргізіледі. <i>Көптілділік:</i> Батырлар – герои – heroes 1. Педагог айтады. 2. Балалар хормен қайталайды. 3. Жеке-жеке қайталайды.	Интерактивтік тақта. Слайд арқылы көрсетіледі.
ҰОҚ-ның ортасы III . Тақырып бойынша жұмыс. 6–28 мин	(ПТ) Педагогтің түсіндіруі: Өмірлері ұрпақтарға өнеге болған адамдар көп. Өмірлері өнеге болатын адам көп. Олардың біреуі білімімен, біреуі ерлігімен еліміздің өркендеуіне еңбек сіңірді. Бүгін осындай адамдармен танысамыз. Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны. Ол бала кезінен шешен, ертегі, әңгімелерді тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен көзге түскен. Оның өлеңдерін бүкіл дүниежүзінің адамдары оқиды. Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушысы. Қазақ даласында тұңғыш мектеп ашқан, балаларға арнап өлең, әңгіме, ертегілер жазған. «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңі жастарды оқуға, талаптанып талпынуға, білім алуға шақырады. Шоқан Уәлиханов Шыңғысұлы – қазақтың ұлы ғалымы, саяхатшы, суретші. Жерімізді картаға түсірді, тарихи ескерткіштердің тарихын, әдеби мұраларды зерттеп, көптеген еңбек қалдырды. (Б, Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1тапсырма орындалатылады.	Тарихи тұлғалар. Алматыкітап баспасы, 2006 ж.

	Педагог Абай Құнанбаевтың «Адам болам десеңіз» өлеңін мәнерлеп оқып береді. Адам болам десеңіз, Тілеуің, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз, Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз. Мағынасын түсіндіреді. Бес жаман – өсек айту, өтірік айту, мақтаншақтық, еріншектік, ысырапшылық екенін түсіндіру. Адам бойындағы бес жақсы – талап, ақыл-ой, қанағат, қайырымдылық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді айту. (ПТ) Педагог тәрбиеленушілерге: Батыр – әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр – елі, жері үшін жаумен соғысқан, ер жүрек, қайтпас қайсар, әділ және тапқыр адам. Қазақ халқында ел қорғаған батырлар өте көп болған. Олар: Бөгенбай, Қабанбай және Наурызбай батырлар. Олар – Абылай хан тұсындағы батырлар. Қалмақ және қытай әскерлерінен жерімізді қорғаған. Ал Абылай – Қазақ ордасындағы ұлы хан. (Б, Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс. 2-тапсырма: Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр туралы не білесіңдер? Әңгімелеп бер. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлікпен қаза тапқан, елі, жері үшін от кешкен батырлар – Бауыржан Момышұлы – Әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Халық қаһарманы, Әлия Молдағұлова – Кеңес Одағының батыры, Мәншүк Мәметова – Кеңес Одағының батыры, Рақымжан Қошқарбаев – Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ батыры, Халық қаһарманы, Қасым Қайсенов – Қазақ батыры, жазушы, Халық қаһарманы, Хиуаз Доспанова – ұшқыш, Халық қаһарманы, Талғат Бигелдинов – ұшқыш, Халық қаһарманы, Кеңес Одағының батыры. Елін сүйген әрбір адамның ерлік жасауы, өз борышының өтеуі болып, оның халық алдындағы қадір-қасиетін арттырады. Тәрбиеші: Балалар, біздің шекараны кім қорғайды? Балалар: Солдаттар. Шекарада солдат тұр, Ел бақытын қорғап тұр. Көңілденсін ағалар, Амандық хат жолдап тұр. Балалар, жер шары балаларының тілегі не? – Бейбітшілік болсын! – Соғыс болмасын! – Достық болсын! – Адамдар бір-бірімен тату, дос болсын! – Дұрыс айтасындар, балалар, барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен. __Рейхстагқа ту тіккен кім? Рақымжан Қошқарбаев туралы бейнетаспа көрейік (Ұ) Сергіту сәті: Бұл шақта, бұл шақта Кішкентаймыз қазір біз. Кішкентай болсақ та Ел қорғауға әзірміз. (Ө, Т) 3-тапсырма: Батырлардың құрал-саймандарын бояуға көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізу. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіру.	Ұлы тұлғалардың портреттері, слайдтар. Әліппе-дәптер. Абылай ханның портреті. Батырлардың портреті. Музыкалық әуен. Әліппе-дәптер.
IV ҰОҚ қорытындысы. Рефлексиялық түзету. 28–30 мин	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан қалқанды кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді:



Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Мемлекеттік рәміздер		
Күні: 27.04.2022		
ҰОҚ-ның мақсаты	0.3.3.1. Мемлекеттік рәміздерді атау.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Мемлекеттік Гимнді жатқа айтады. • Қазақстан Республикасының рәміздерін атайды. • Елтаңбасы мен Туын сипаттайды. Көпшілік тәрбиеленушілер: Қазақстандықтар өз елінің рәміздеріне сүйіспеншілігін танытады. Кейбір тәрбиеленушілер: Рәміздердегі әр элементтің мағынасын айтады.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Қазақстан Республикасының рәміздері туралы; Гимнді жатқа айтады. <i>Көптілділік:</i> Рәміздер – символы – symbols Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Еліміздің рәміздері <i>Пікір алмасу сұрақтары.</i> Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер? Еліміздің рәміздері қай жерлерге қойылады?	
Алдыңғы оқыту	Отан, ел, рәміздер туралы білімі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Жұмыс істеуге жағымды көңіл күй қалыптастыру 0 – 1 минут II. Өмірлік тәжірибені белсендіру. Мақсатты тұжырымдау. 2 – 5 минут ҰОҚ-нің ортасы III. ҰОҚ-нің тақырыбы бойынша жұмыс 6 – 25 минут	(Ұ) Шаттық шеңбері С. Әлімқұловтың «Отан» өлеңін айтады. Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, ұлы Отан. Елім – менің тірегім, Құшағыңда гүл атам. Сарқылмайтын қуатым, Тірегімсің сен, Отан. Мәңгі соғып тұратын, Жүрегімсің сен, Отан. (ПТ) Педагог рәміздер жайлы бейнефильм көрсетеді. – Бейнефильм не туралы? (Ту, Елтаңба, Гимн). (ПТ) Педагог: бүгінгі тақырып: Мемлекеттік рәміздер. Рәміздер – мемлекеттік нышандар. Біздің мемлекетіміздің рәміздері – Ту, Елтаңба, Гимн. Әр елдің өзінің рәміздері болады. (ПТ) Сөздік жұмысын жүргізу <i>Көптілділік:</i> Рәміздер – символы – symbols, елтаңба – герб – coat of arms 1. Тыңдайды. 2. Қайталайды. (Ө, Т) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма Мемлекеттік рәміздер жайлы ақпарат беру. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы Біздің мемлекеттік туымыздың түсі – көк. Көк түс – аспанның белгісі. Бұл – бірлік пен ынтымақтың белгісі. Күн бейнесі – байлық пен береке белгісі. Қыран бүркіт бейнесі қазақ халқының ұлттық дүниетанымында еркіндік, бостандық сүйгіштік, ерлік, жүрек тазалығы сияқты адамгершілік асыл ұғымдармен астасып жатады. Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.	Музыкалық әуен. Өлеңдер жинағы.

	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы шаңырақ, жұлдыз, қанатты тұлпар нені білдіреді? Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізгі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Ал бес жұлдыз барлық жер шарына құшағымыздың ашықтығын білдіреді. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масак Отанымыздың байлығы іспеттес. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні Бұрын «Менің Қазақстаным» әні ретінде танымал болған. Қазақстанның Гимні Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді. Музыкасы – композитор Шәмші Қалдаяқовтікі, сөзі – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтікі. 2-тапсырма: суреттерден Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерінің бейнелерін тауып белгілейді. Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер. Мысалы, үлкен теңіз, мұхиттарда көп кемелер жүзіп барады. Олар өздерінің қай елден екенін білдіру үшін мемлекеттік Туын іледі. Әртүрлі спорттық жарыстарда, олимпиадаларда спортшылар өз елінің туымен шығады. Барлық елдерде біздің елшілігіміз бар. Сол елшіліктердің төбесіне ҚР Туы ілінеді. Спортшылар жеңіске жеткенде сол елдің туы желбіреп, гимні орындалады. Рәміздерді барлық жерге ілуге болмайды. Мемлекеттік маңызы бар жерлерде ғана ілінеді. Балалар қай жерлерде Қазақстан Туының ілініп тұрғанын көргендерін айтады. (Ұ) Сергіту сәті: «Отан – менің ата-анам» әнін орындайды. «Күншуақ» ойыны. Ойын шарты: Ортада шуақсыз күн тұрады. Күннің әр шуағында сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Күн шуағындағы сұрақтарға жауап беру арқылы күнді күлімдету. 4-тапсырма: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын тауып белгілейді. Педагог Б. Тәжібаевтың өлеңін мәнерлеп оқып береді. Мазмұнын түсіндіреді. Балаларға бірнеше рет қайталатып жаттатқызады. Туған елім – гүл елім, Қасиетінді білемін. Өзіңе деп жүремін – Лүпілдеген жүрегім! Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу – тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.	Әліппе-дәптер. Музыка әуенімен.
ҰОҚ-нің соңы Рефлексия 26 – 30 минут	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан күнді кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптер, түрлі түсті қарындаштар.

Бекітілді:



Білім беру саласы: «Әлеумет»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Астана – бас қала		
Күні: 11.05.2022		
ҰОҚ-ның мақсаты	0.3.3.2. Қазақстанның астанасын атау, мемлекеттік рәміздерді білу.	
Күтілетін нәтиже	Барлық тәрбиеленушілер: Еліміздің ордасы Астана қаласы жайлы біледі. Көпшілік тәрбиеленушілер: Астана қаласындағы көрнекті жерлерді, оның символын біледі. Алматы қаласындағы көрнекті жерлерді, оның символын біледі. Кейбір тәрбиеленушілер: Қазақстан картасынан Астананы тауып көрсете алады.	
Тілдік мақсат	Тәрбиеленушілер: Елордамыз – Астана жайлы, оның еліміз үшін маңыздылығын түсінеді, әңгімелейді. Көптілділік: Астана – столица – capital Негізгі терминдер мен сөз тіркестері. Астана, Ақмола, Целиноград, Ақ -Орда, Бәйтерек, ақ Қыс "Атамекен", мәдени ойын-сауық кешені "Думан", "Бейбітшілік және келісім сарайы". Пікір алмасу сұрақтары. -Біздің еліміз қалай аталады? -Қазақстан Республикасының елордасы қай қала? -Кім Астанаға барды? -Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?	
Алдыңғы оқыту	Еліміздің рәміздері туралы білімі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Қызығушылық ояту 0-3 мин	(Ұ) Шаттық шеңбері «Астана» Е. Өтетілеуұлының өлеңі Болашаққа бастаған, Шарықтайды асқақ ән. Елордасы Отанның, Мақтанышым – Астанам. (ПТ) Педагог тәрбиеленушілерге: Педагог елордамыздың көрікті жерлерінің фотоларын немесе бейнетаспада аталған жерлерді көрсетіп, оларға қысқаша мәлімет береді. (ПТ) Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма арқылы елордамыз – Астана қаласы туралы мәлімет беріледі. Астана қаласы бұрын Ақмола деп аталған. Астана қаласы Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Қала қазір Астана деп аталады. Қазір қаланың көшелері кең, зәулім ғимараттар салынған. Көрнекті жерлері өте көп. Мысалы: «Астана-Бәйтерек» монументі. Биіктігі – 97 метр. Бәйтерек кешені үш бөліктен тұрады. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен. Одан әрі қосымша түріндегі композиция өз негізінен бөлініп, жер бетіне қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді. Ұшар басында алтын шар орналасқан. Бұл – Астанадағы халық көп баратын нысан. (пт) сөздік жұмыс жүргізу. Көптілділік: Астана – столица – capital 1. Тыңдайды. 2. Қайталайды. Әліппе-дәптер. (Ұ, Ө) «Кім шапшаң» ойыны – Қазақстан Республикасының Президенті кім? (Н.Ә. Назарбаев) – Еліміздің бас қаласы қай қала? (Астана) – Астана қаласының символы қалай аталады? (Астана-Бәйтерек) – ҚР Мемлекеттік рәміздерін ата? (Ту, Гимн, Елтаңба) – Астанадағы ең ірі мәдени ойын-сауық кешені? (Думан) – Астана қаласы қай өзеннің жағалауында орналасқан? (Есіл) – Бәйтеректің биіктігі қанша? (97 метр) – «Астана» сөзі неше буыннан тұрады? (3)	Музыкалық әуен
Негізгі бөлім 4-12мин		Бейнетаспа Астана көрікті жерлерінің фотолары. Mugalim.ru/load/astana_alasy_124
13-27мин		Әліппе-дәптер.

	(Ұ) Сергіту сәті: «Астанамыз – астана» Ел бөбегі бүлдіршін, Жас баламыз. Астанамыз – Астана, Бас қаламыз. Алға нық басамыз, Ғасырдан асамыз. Мәңгі бірге жасаймыз Астанамыз – Астана. Гүлге оранып, сәулетті көшелерім, Самалымен сауығып, өсер елім Қаламызды сүйеміз, көркемдейміз, Қайратты боп өсеміз, өрнектейміз. – Қазақстан Республикасының қандай қалаларын білесіңдер? – Астанадан кейінгі үлкен қала – Алматы. Алматы қаласы Алатаудың етегінде орналасқан. Алматы бізге тәп-тәтті алмаларымен белгілі. Алматыда ірі орталықтар бар, экспонаттар көп. – Ол Астанадан кейінгі екінші үлкен қала. Алматы – өте әдемі, сұлу, көркем. Қала көшелері түзу, кең, жарық. Саябақтар мен демалыс үйлері бар. Жазы ыстық емес, қысы жылы. Алматыда әлемге әйгілі «Медеу» мұзайдыны бар. Онда түрлі спорт ойындары өтеді. Қаланың ортасында әдемі алаңдар, биік ғимараттар, театрлар, цирк, музейлер орналасқан. Алматының көрікті жерлері – Медеу, Көктөбе, метро. Сұрақ - жауап Енді, балалар бізге «Сұрақтар әлемінен» хат келіпті. Ол хатта сұрақтар бар екен. Кәне, сұрақтарға жауап берейік. – Алматы қандай қала? – Ол қайда орналасқан? – Алматыда нелер бар? – Медеу мұзайдынында нелер өтеді? – Сендер Алматының көрікті жерлерін араладыңдар ма? Жап-жасыл ағашы Қып қызыл алмасы. Ақбасты тауы бар, Алматы қаласы. Ал, балалар «Алматы – әсем қала» туралы бейнежазу көрейік, 4-5 мин. 2-тапсырма: Астана мен Алматының көрікті жерлерін атайды. Қаланың назар аударарлық орындары Ақ Орда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Бәйтерек – Астананың басты символы. Тәуелсіздік Сарайы – мемлекеттік ресми іс-шаралар өткізілетін орын. Бейбітшілік пен келісім сарайы – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу үшін арналған ғимарат. Хан Шатыр – Астананың ең үлкен ойын-сауық орталығы. (Ө, т) Әліппе-дәптермен жұмыс. 3-тапсырма: «Суретті боя». «Астана-Бәйтерек» кешені және Алматы қаласының символы салынған суреттерді бояйды.	Kazakhstan. Энциклопедия. Алматыкітап баспасы, 2010 жыл.
Қорытынды бөлім 28-30	(Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысыңды бағалап қорыту. Балалардан бәйтеректі кез келген түсті қарындашпен бояуын сұраңыз: • ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен; • түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен; • бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен.	Әліппе-дәптермен түрлі - түсті қарындаштар

